



«Kazakhstan Bar Association»
заң консультанттары Палатасы
мүшелерінің Жалпы жиналысының
2021 жылғы 26 ақпандағы шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»

ҮМІТКЕРЛЕРДІ АТТЕСТАТТАУДАН ӨТКІЗУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ ТУРАЛЫ ҚАҒИДАЛАР

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Үміткерлерді аттестаттаудан өткізудің тәртібі мен шарттары туралы қағидалар (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жарғыға сәйкес әзірленген, «Kazakhstan Bar Association» заң консультанттары палатасына (бұдан әрі – Палата) кіру үшін екі кезеңнен тұратын аттестация өткізудің тәртібі мен шарттарын регламенттейді.
2. Үміткерлерді аттестаттаудың бірінші кезеңі олардың кәсіптік білімі деңгейін және заң көмегін көрсету қызметімен айналысатын тұлғаларға қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасын білуі жағынан кешенді тестілеу түрінде жүргізіледі.
3. Аттестаттаудың екінші кезеңіне: үміткермен офлайн немесе онлайн режимінде жүргізілетін сұхбаттасу немесе Аттестаттау комиссиясының үміткер ұсынған құжаттарды зерделеуі кіреді.

2-тарау. Аттестаттауды өткізу органдары

4. Аттестаттаудың бірінші кезеңін Тестілеу рәсімдерін техникалық жағынан қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету шартына сәйкес Мамандандырылған мекеме (бұдан әрі – Мамандандырылған мекеме) жүргізеді.
5. Аттестаттаудың екінші кезеңін Палатаның Жалпы жиналысы сайлайтын Аттестаттау комиссиясы жүргізеді.
6. Аттестаттау комиссиясын Жарғыға және Аттестаттау комиссиясы туралы ережеге сәйкес Палатаның Жалпы жиналысы құрады.
7. Тестілеу рәсімдерін техникалық жағынан қамтамасыз ету қызметін көрсетуге мамандандырылған мекемені Палатаның Басқармасы анықтайды.
8. Аттестаттау комиссиясының мүшелігіне кандидаттар ең білікті және тәжірибелі заң консультанттарының арасынан ұсынылады.
9. Аттестаттау комиссиясының Төрағасын Палатаның Басқармасы сайлайды.
10. Аттестаттау комиссиясының Төрағасы Аттестаттау комиссиясының қызметіне басшылық жасайды. Аттестаттау комиссиясының Төрағасы жоқ болған жағдайда оның міндетін Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бірі атқарады.
11. Аттестаттау комиссиясының отырысына комиссияның сандық құрамының жай көпшілігі қатысса, отырыс құқықты болып саналады. Аттестаттау комиссиясының отырысы жіберілген және қабылданған хабарламалардың теңтүпнұсқалығын қамтамасыз ететін коммуникация құралдары пайдаланылып, көзбе-көз немесе сырттай және аралас нысанда өткізілуі мүмкін.
12. Аттестаттау комиссиясы өзінің қызметінде алқалылық, заң консультантының кәсіби қасиеттерін аттестаттау мен бағалаудың объективтілігі қағидаттарын басшылыққа алады.

3-тарау. Аттестаттауды ұйымдастыру

13. Аттестаттауға жататын үміткерлердің есебін Атқарушы орган жүргізеді. Аттестациялық материалды тапсырған және аттестацияға жіберілген заң консультанттары есепке алынуға тиіс.
14. Аттестациялық материалда мынадай құжаттар болуға тиіс:
 - 1) белгіленген нысандығы өтінішті;
 - 2) жеке куәлік немесе төлқұжат;
 - 3) жоғары заң білімі туралы құжат;
 - 4) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқ екені туралы анықтама;
 - 5) заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілінің бар екенін растайтын құжаттар (Еңбек кітапшасының скан көшірмесі, Еңбек кітапшасы болмаған жағдайда: Еңбек шартының, Заң мамандығы бойынша лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың, Лауазымдық нұсқаулықтың,

Жұмыс беруші анықтамасының, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ-дан алынған үзінді көшірмелердің, еңбек өтілінің бар екенін растайтын басқа да ресми құжаттардың скан көшірмелері ұсынылады);

- б) психиатриялық, наркологиялық диспансерден анықтамалар;
 - 7) түйіндеме.
15. Аттестациялық материалды тапсыру кезінде Атқарушы орган осы Қағиданың №1 Қосымшасында белгіленген нысан бойынша аттестациялық парақты толтыруға міндетті.
 16. Үміткер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Палатаның Жарғысында және өзге де ішкі құжаттарында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда аттестаттауға жіберілмейді.
 17. Үміткерді аттестаттау үміткер тиісті түрде ресімделген құжаттар келіп түскеннен кейін ақылға қонымды мерзімде, бірақ Қазақстан заңнамасын білуін тестілеуден сәтті өткені туралы қорытынды берілген күннен бастап үш аптадан аспайтын мерзімде жүргізіледі..

4-тарау. Аттестаттауды жүргізу тәртібі

18. Тестілеу заң консультантының таңдауы бойынша, ол аттестаттау парағында көрсеткен мемлекеттік немесе орыс тілінде жүргізіледі.
19. Дәлелді себеппен тестілеуге келмеген заң консультанты оған Атқарушы орган белгілеген басқа күні жіберіледі.
20. Аттестаттаудың бірінші кезеңі Қазақстан Республикасының заңнамасын білуін кешенді тестілеу нысанында жүргізіледі.
21. Тестілеуден өту кезінде нормативтік құқықтық актілерді, жазбаларды, анықтамалық, арнайы және өзге әдебиетті, мобильді және өзге де байланыс құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
22. Тестілеуге арналған сұрақтардың тізбесін Аттестаттау комиссиясы жасап, Палатаның Басқармасы бекітеді. Палата тестілеу сұрақтарын дайындау үшін шарт негізінде сырттан сарапшыларды тарта алады. Тест тапсырмасына 130 сұрақ кіреді. 85 сұраққа дұрыс жауап берген жағдайда үміткерлер тестілеуден өткен болып есептеледі. Тестілеу уақыты – бір сағат (60 минут). Дұрыс жауап саны берілген сұрақтардың жалпы санының 85-інен аз болған жағдайда заң консультанты аттестаттаудан өтпеген деп танылады.
23. Мамандандырылған мекеме аттестаттаудан өтетін адамға тестілеу нәтижесі бойынша жазбаша Сертификат береді, оны заң кеңесшісі Атқарушы органға ұсынады.
24. Қазақстан Республикасының заңнамасын білу жағынан кешенді тестілеу түріндегі аттестаттаудың бірінші кезеңінен өткен заң консультанттары аттестаттаудың екінші кезеңіне жіберіледі.
25. Аттестаттаудан өткен және Палата мүшелігіне қабылданған тұлғалардың тізімі Палатаның сайтында жарияланады.

5-тарау. Аттестаттау комиссиясының шешімі

26. Аттестаттау комиссиясы аттестаттаудың бірінші және екінші кезеңдерінің нәтижелері бойынша мына шешімдердің бірін қабылдайды:
 - 1) аттестатталды;
 - 2) аттестатталған жоқ.Атқарушы орган тестілеуден өтпеген заң консультантына кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында Палата Басқармасы мақұлдаған бағдарламалар бойынша оқуды және одан кейін тестілеуден қайтадан өтуді ұсынуға құқылы.

27. Аттестаттау комиссиясының шешімі ашық дауыс беру арқылы оның мүшелерінің дауыстарының жай көпшілігімен қабылданады және ол қабылданғаннан кейін бірден заң консультантына хабарланады.
28. Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамаға жазылады, оған Аттестаттау комиссиясы отырысының төрағасы мен хатшысы қол қояды. Аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасы Атқарушы органның офисінде сақталады.
29. Аттестаттау комиссиясының шешіміне заң консультанты Палатаның Басқармасына немесе сотқа шағым бере алады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

30. Осы Қағидалар уәкілетті мемлекеттік органмен келісуге жатады.

«Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасы

АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ

1. Үміткер _____
(аты-жөні)
2. Туылған күні мен жері _____
3. Жеке басын куәландыратын құжат _____
(нөмірі, берілген күні, кім берді)
4. Білімі _____
5. Мамандығы _____
6. Диплом берген жоғары оқу орнының атауы

7. Жалпы еңбек өтілі _____
(қай жылдан, күннен, айдан бастап)
8. Заңгерлік өтілі _____
(қай жылдан, күннен, айдан бастап)
9. Үй мекенжайы, телефонының нөмірі _____
10. Аттестаттауға жіберу туралы қорытынды: _____
11. Аттестаттау парағының мазмұнымен таныстырылдым, аттестаттаудан _____
тілінде өткім келеді.
12. Кешенді тестілеу нәтижесі _____
(балл саны)
13. Ауызша сұхбаттасу нәтижесі және Аттестаттау комиссиясының қорытындысы

(аттестатталды немесе аттестатталған жоқ)

Заң консультантының аттестаттаудан өту тәртібін бұзғаны туралы

АКТ

_____ (елді мекен)

Күні: 20__ жылғы «____»

Уақыт: «____» сағат «____» минут

Мамандандырылған мекеменің өкілі:

_____ (тегі, аты және әкесінің аты, лауазымы)

заң консультанты

_____ (тегі, аты және әкесінің аты)

«Үміткерлерді аттестаттаудан өткізу тәртібі туралы қағидалардың» 21-тармағының талабын төмендегідей бұзуының фактісін анықтады:

_____ (бұзушылықтың қысқаша сипаттамасы)

Мамандандырылған мекеменің өкілі

_____ (тегі, аты және әкесінің аты, қолы)

Тестілеу операторы: _____ (тегі, аты және әкесінің аты, қолы)

Актімен таныстырылдым: _____ (заң консультантының тегі, аты және әкесінің аты, қолы)

Заң консультанты актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда тиісті жазба жасалады

_____ (актіні жасаған тұлғалардың тегі, аты және әкесінің аты (кем дегенде 3 адам)

